

Жол қауіпсіздігін және регламенттерді, нормативтер мен стандарттарды сақтау саласында әкімшілік полиция бөлімшелерінің қызметін үйімдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 шілдедегі № 757 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылды 26 тамызда № 14161 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қауулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 63) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.11.2023 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырган Жол қауіпсіздігін және регламенттерді, нормативтер мен стандарттарды сақтау саласында әкімшілік полиция бөлімшелерінің қызметін үйімдастыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (И.В. Лепеха) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін

3. Облыстардың, және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының полиция департаменттерінің, Қазақстан Республикасы ПМ-нің Байқоңыр қаласындағы өкілдігінің бастықтары:

1) ішкі істер органдары жеке құрамының осы бүйрықтың талаптарын зерделеуін, сондай-ақ Нұсқаулықта көзделген қызметтік құжаттаманы дайындауды қамтамасыз етсін;

2) ішкі істер органдарының жұмысын осы бүйрықтың талаптарына сәйкес ұйымдастырсын.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.11.2023 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

4. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (И.В.Лепеха) жүктелсін.

5. Осы бүйрық алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министріⁱ
полиция генерал-полковнигі

К. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2016 жылғы 22 шілдедегі
№ 757 бүйрығымен
бекітілген

Жол қауіпсіздігін және регламенттерді, нормативтер мен стандарттарды сақтау саласында әкімшілік полиция бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1-тaraу. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

1. Осы Жол қауіпсіздігін және регламенттерді, нормативтер мен стандарттарды сақтау саласында әкімшілік полиция бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 63) тармақшасына сәйкес әзірленді және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыруға арналған.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.11.2023 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) базалық қөлік құралы – жалпы немесе оның негізгі компоненттері шанақ немесе шасси түрінде басқа қөлік құралын жасау үшін пайдаланылған, айналымға шығарылған қөлік құралы;

2) бірегей қөлік құралы – бұл:

- Кеден одағына мүше мемлекеттерде:

сериялық өндіріс жағдайында дайындалған, айналымға шығарылғанға дейін конструкциясына жеке тәртіппен өзгерістер енгізілген; немесе сериялық өндірістен тыс жеке тәртіппен жинақтау жиынтығынан дайындалған; немесе жеке техникалық шығармашылық нәтижесі болып табылатын; немесе мемлекеттік қорғаныс тапсырысы бойынша бұрын жеткізілгендер қатарынан айналымға шығарылатын қөлік құралы;

- Кеден одағының бірынғай кеден аумағына:

жеке тұлға өзіндік қажеттілігі үшін әкелетін; немесе қөлік құралын дайындаған сәттен бастап үш жылдан көп уақыт өткен жағдайда, бұрын Кеден одағына мүше болып табылмайтын мемлекеттерде жол жүргісіне қатысқан қөлік құралы;

3) жол жүргісіне қатысушы – жол жүргісі процесіне жаяу жүргінші, жолаушы немесе жүргізуши ретінде тікелей қатысатын адам;

4) жол жүргісі қауіпсіздігі – қатысушыларының жол-қөлік оқиғалары мен олардың зардаптарынан, сондай-ақ жол жүргісінің экологиялық жағдайға, халықтың денсаулығына теріс әсерінен қорғалу дәрежесін көрсететін жол жүргісінің жай-күйі;

5) жол жүргісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету – жол-қөлік оқиғаларын, жол жүргісінің экологиялық жағдайға, халықтың денсаулығына теріс әсерін болғызбауға, олардың зардаптарының ауырлығын азайтуға, сондай-ақ осындай зардаптарды жоюға бағытталған қызмет;

6) жол жүргісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – жол жүргісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында басшылықты өз құзыреті шегінде және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган және оның астанадағы, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардағы аумақтық бөлімшелері;

7) жол жүргісін реттеудің техникалық құралдары – жол белгілері, жол таңбасы, бағдаршамдар (олардың жұмыс бағдарламасын айқындастырын жабдықты қоса алғанда), теміржол өтпелеріндегі реттеуіш құрылғылар, сондай-ақ жол қоршаулары мен бағыттауыш құрылғылар;

8) жол жүргісін ұйымдастыру – жол жүргісін басқару жөніндегі ұйымдастырушылық-құқықтық, нормативтік-әдістемелік, жобалау-іздестіру, ұйымдық-техникалық, бақылау-қадағалау, өкімдік және басқа да іс-шаралар кешені;

9) жолдың жүріс бөлігі – көлік құралдарының жүруі үшін пайдаланылатын жолдың бір бөлігі;

10) жол иелері – жолдардың меншік иелері болып табылатын немесе шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығындағы жолдарды басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлғалар;

11) жол-көлік оқиғасы – көлік құралының жолда жүруі процесінде және оның қатысуымен туындаған, адамның денсаулығына зиян келтіруге, өліміне, көлік құралдарының, құрылыштардың, жүктөрдің бүлінуіне не өзге де материалдық залалға әкеп соққан оқиға;

12) көлік құралы – адамдарды, жүктөрді немесе үстіне орнатылған жабдықты жолдармен тасымалдауға арналған құрылғы;

13) көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізу – көлік құралын айналымға шығарғаннан кейін орындалған және жол жүрісі қауіпсіздігіне ықпал ететін нақты көлік құралының конструкциясымен көзделген құрамдас бөліктерді және жабдықтардың заттарын алып тастау немесе конструкциямен көзделмегендерді орнату;

14) көлік құралдарының конструкциясын бақылау – көлік құралдарының конструкциясы мен оларды қосымша жабдықтау заттарының нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін тексеру;

15) көлік құралдарының техникалық жай-күйін бақылау – көлік құралдары мен оларды қосымша жабдықтау заттары техникалық жай-күйінің нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін тексеру;

16) көлік құралының типін мақұлдау – бір типке жатқызылған, айналымға шығарылатын көлік құралдарының КО ТР 018/2011 "Дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы" Кеден одағы техникалық регламентінің талаптарына сәйкестігін күэландыратын құжат;

17) тексеру – автомобиль жолдары мен олардағы құрылыштар жай-күйінің жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қойылатын талаптарға (регламенттердің, нормативтердің, стандарттардың, нұсқаулықтардың және т.б.) сәйкестігін бағалау жөніндегі іс-шара.

3. Жобалау кезінде регламенттердің, нормативтер мен стандарттардың сақталуын мемлекеттік бақылау және қадағалау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 12 наурыздағы № 208 бүйріғымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10690 болып тіркелген) бекітілген Жолдарды жобалауға, салуға, жөндеуге, күтіп-ұстауға және оларды жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде басқаруға арналған нормативтік, жобалау және техникалық құжаттаманы келісу және бекіту қағидаларына сәйкес автомобиль жолдарын, көшелерді, жол құрылыштарын, теміржол өтпелерін, жеңіл рельсті көлік жүйелерін және электр көлігі желілерін салуға, реконструкциялауға, жөндеуге және оналтуға арналған жобалау құжаттамасын келісу арқылы жүзеге асырылады.

Жобалау кезінде регламенттердің, нормативтер мен стандарттардың сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды ішкі істер органдарының қызметкерлері жүзеге асырады. Бұл ретте, аудандардың (қалалардың) әкімшілік полиция бөліністері жол және техникалық инспекциясы қызметкерлерін тағайындау олар ПД ӘПБ-де он жұмыс күндік тағылымдамадан өткеннен кейін, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілерді зерделегеннен және олар бойынша сынақтар тапсырғаннан кейін жүзеге асырылады.

ПД ӘПБ жол және техникалық инспекциясы бөлімінің бастығы (қызметтердің аға қызметкерлері) лауазымына тағайындалғаннан кейін оның ПМ ӘПК-де бес жұмыс күндік тағылымдамадан өтуі жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 25.09.2025 № 709 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Әртүрлі мақсаттағы және санаттағы автомобиль жолдарын салуға, реконструкциялауға және күрделі жөндеуге арналған жобалау және жұмыс құжаттамасының құрамы мен ресімдеу қағидалары КО ТР 014/2011 "Автомобиль жолдарының қауіпсіздігі" Кеден одагының техникалық регламентінде және ҚР СТ 1397 "Автомобиль жолдары. Оларды салуға, реконструкциялауға және күрделі жөндеуге арналған жобалау және жұмыс құжаттамасының құрамына және ресімдеу қағидаларына қойылатын талаптар" стандартында белгіленген талаптарға сәйкес әзірленеді.

5. Автомобиль жолдарын, көшелерді, жол құрылыштарын, теміржол өтпелерін, электр көлігі желілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және оналту кезінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде регламенттердің, нормативтердің және стандарттардың сақталуын бақылау:

- 1) тексерулер жүргізу;
- 2) нұсқамалар беру;
- 3) автомобиль жолдары мен елді мекендердің көше-жол желісінде жұмыстар жүргізу орындарын қоршау және жол белгілерін орнату сызбаларын қарau;
- 4) бақылау тексерулер жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

6. Автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін, жол құрылыштарын және теміржол өтпелерін және жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын жол жүрісі үшін қауіпсіз жағдайда күтіп ұстау қағидаларының сақталуын мемлекеттік бақылау және қадағалау:

- 1) автомобиль жолдары мен жол құрылыштарын кешенді тексеру;
 - 2) теміржол өтпелерін кешенді тексеру;
 - 3) автомобиль жолдары мен жол құрылыштарын тоқсан сайын тексеру;
- 3-1) автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін, жол құрылыштарын және теміржол өтпелерін мақсатты тексеру;

- 4) жол және коммуналдық ұйымдардың автомобиль жолдарын қысқы күтіп ұстауға дайындығын комиссиялық тексеру;
- 5) мұз өткелдерінің жай-күйін тексеру;
- 6) бақылау тексерулер;
- 7) күн сайын қадағалау жүргізу арқылы жузеге асырылады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрек менен.

7. Автомобиль жолдары мен жол құрылыштарын кешенді тексеру (бұдан әрі - кешенді тексеру) жылына екі рет көктем мен күзде 1 сәуірден бастап 20 маусымға және 1 қыркүйектен бастап 1 қарашаға дейінгі кезеңдерде жүргізіледі.

8. Кешенді тексеруді жол иелері, жол және жергілікті атқарушы органдар:

1) халықаралық, республикалық және облыстық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын, ақылы автожолдар мен олардағы жол құрылыштарын – Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың ПД әкімшілік полиция бөлімі (бөлімшесі, тобы) қызметкерлерінің;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жолдарды қоспағанда, автомобиль жолдарын және олардағы жол құрылыштарын – аудандардың (қалалардың) әкімшілік полиция бөлінісі қызметкерлерінің қатысуымен жүргізеді;

3) уәкілетті органның аумақтық бөліністері жоғары тұрған уәкілетті органның нұсқауы бойынша қалалар, аудандар және елді мекендер шекараларының шегінде халықаралық, республикалық және облыстық маңызы бар жолдарды тексереді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 06.02.2020 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 29.11.2023 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрек менен.

9. Кешенді тексеру жүргізу кезінде негізгі назар:

1) жүріс бөлігінің, жол жиектерінің, тротуарлардың, жаяу жүргінші және велосипед жолдарының жай-күйіне;

2) жоспардағы және ұзына бойы қисық қылыштар мен түйісулерде көрінуді қамтамасыз етуге;

3) бағыттағы көлік құралдары аялдамаларының жай-күйі мен жабдықталуына;

4) жол қоршауларының, жарықтандырудың, жол құрылыштарының (көпірлердің, жол өтпесінің, эстакадалардың, тоннельдердің, виадуктардың, жерасты және жерүсті жаяу жүргінші өтпелерінің) жай-күйіне;

5) жаяу жүргінші өткелдерінің белгіленуі мен жабдықталуына;

6) жүріс бөлігінде жұмыстар жүргізу орындарын қоршауға, айналып өту жолдарын ұйымдастыруға және олардың жай-күйіне;

7) әртүрлі деңгейдегі көше қызылыстарындағы, елді мекендер арқылы өтетін жол участкелеріндегі, қоғамдық көлік аялдамаларындағы жасанды жарықтандыруға;

8) жол белгілерінің, таңбаларының және бағдаршамдардың жай-күйіне;

9) бағдаршам объектілері жұмыс режимдерінің қолданыстағы құжаттамаға сәйкестігіне;

10) жүргізушілерге, оның ішінде жүк және транзиттік көлік жүргізушілеріне ақпараттық, бағыттық бағдар беру жүйесіне;

11) тұрақтар мен демалу аландарының жай-күйіне;

12) қарап тексеру құдықтары мен жаңбыр сұзы құйылатын торлар люктерінің жай-күйіне;

13) көше-жол желісін сыртқы жарықтандыру жай-күйіне;

14) мәдени, сауда және спорт орталықтарының, әкімшілік ғимараттардың (елді мекендердегі) жанындағы жабдықталған тұрақтардың жай-күйіне;

15) жалпы пайдаланымдағы көлік бағыттарының жабдықталуы мен жайластырылу жай-күйіне;

16) трамвай жолдарымен қызылысатын жерлердегі жүріс бөлігінің жай-күйіне аударылады.

10. Кешенді тексеру нәтижелері бойынша:

1) осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес автомобиль жолын тексеру акті дайындалады, онда кемшіліктер, оларды өткізу мерзімдері, нақты орындаушылар белгіленеді;

2) жол жүрісін ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі ұсыныстар;

3) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттары бойынша жолдарды, жол құрылыстарын және жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын пайдалану жағдайына және олардың жай-күйіне қойылатын талаптардан шегініс анықталған жағдайда, кемшіліктерді жою мерзімдерін белгілей отырып, осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның нұсқамалары;

4) жергілікті атқарушы органдарға және прокуратура органдарына, сондай-ақ басқа да мұдделі органдар мен ұйымдарға, оның ішінде ПМ Әкімшілік полиция комитетіне 15 жұмыс күні ішінде ақпарат жолданады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Кешенді тексеру жүргізу кезінде жолдарды, жол құрылыстарын күтіп ұстau қағидаларын, жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларымен белгіленген өзге де талаптарды бұзушылықтар анықталған жағдайда лауазымды және заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 614, 630, 631 және 632-баптарына сәйкес шаралар қабылданады.

12. Теміржол өтпелерін кешенді тексеру 1 сәуірден бастап 15 маусымға дейін жүргізіледі.

13. Теміржол өтпелерін кешенді тексеру кезінде негізгі назар:

- 1) оның санатының қозғалыс шарттарына сәйкестігіне;
- 2) өтпеге жақын жерлердегі жолдың геометриялық элементтеріне;

3) жүргізуші орнынан өтпенің және теміржол жабынының, жақындап келе жатқан пойыздың көрінуін қамтамасыз етуге;

4) өтпенің жол белгілерімен, жарық және дыбыс сигнализациясымен, бағдаршамдармен, шлагбаумдармен, жасанды жарықпен, қоршаулармен, габаритті қакпалармен жабдықталуына;

5) жаяу жүргінші жолдарының болуына;

6) өтпедегі және оған жақын жерлердегі жүріс бөлігінің, төсемнің жай-күйіне;

7) өтпеге жақын жерлерде жолдың жүріс бөлігі таңбасының және жол құрылыштарында тік таңбаның болуына аударылады.

14. Теміржол өтпелерін кешенді тексеру нәтижелері бойынша:

1) осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес акт;

2) жергілікті атқарушы органдарға және прокуратура органдарына, теміржол өтпелерінің иелеріне, басқа да мұдделі органдар мен ұйымдарға жіберілетін ақпарат 15 жұмыс күні ішінде, оның ішінде ПМ Әкімшілік полиция комитетіне жолданады.

3) өтпелерді және оған жақын жерлерді күтіп ұстауда кемшіліктер анықталған жағдайда кемшіліктерді жою мерзімдерін белгілей отырып, осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның нұсқамасы дайындалады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 20.06.2018 № 459 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданыска енгізіледі) бұйрығымен.

15. Кешенді тексеру жүргізу кезінде теміржол өтпелерін күтіп ұстау қағидаларын бұзушылықтар анықталған жағдайда лауазымды және занды тұлғаларға ӘҚБТК-нің 630 және 631-баптарына сәйкес шаралар қабылданады.

16. Автомобиль жолдары мен жол құрылыштарын тоқсан сайын тексеру (бұдан әрі - тоқсан сайын тексеру) оларды күтіп ұстауды ұдайы қадағалау мен бақылауды қамтамасыз ету үшін жүргізіледі және осы тексерумен тоқсан ішінде барлық автомобиль жолдары және жол құрылыштары тексеріледі.

17. Тоқсан сайын тексеруді:

1) халықаралық, республикалық және облыстық маңыздығы жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын, ақылы автожолдар мен олардағы жол құрылыштарын – Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың ПД әкімшілік полиция бөлімінің (бөлімшесінің, тобының) қызметкерлері;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жолдарды қоспағанда, автомобиль жолдарын және олардағы жол құрылыштарын – аудандардың (қалалардың) әкімшілік полиция бөліністері жүргізеді.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 29.11.2023 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

18. Тоқсан сайын тексеру жүргізу кезінде негізгі назар 9-тармақта көрсетілген мәселелерге аударылады.

19. Тоқсан сайын тексеру нәтижелері бойынша:

1) осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес автомобиль жолын тексеру акті дайындалады, онда кемшіліктер, оларды жою мерзімдері, нақты орындаушылар белгіленеді;

2) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттары бойынша жолдарды, жол құрылыштарын және жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын пайдалану жағдайына және олардың жай-күйіне қойылатын талаптардан шегініс анықталған жағдайда кемшіліктерді жою мерзімдерін белгілей отырып, осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның нұсқамасы дайындалады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 20.06.2018 № 459 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

20. Тоқсан сайын тексеру жүргізу кезінде жолдарды, жол құрылыштарын, жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын және өзге де объектілерді күтіп ұстая қағидаларын бұзушылықтар анықталған жағдайда лауазымды және занды тұлғаларға ӘҚБТК-ге сәйкес шаралар қабылданады.

20-1. Автомобиль жолдарын, елді мекендердің көшелерін, жол құрылыштарын және теміржол өтпелерін және жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын, оның ішінде жеке және занды тұлғалардың өтініштері бойынша тексеру үшін мақсатты тексеру жүргізіледі. Мақсатты тексеру нәтижелері бойынша осы Нұсқаулыққа 1-1-қосымшаға сәйкес мақсатты тексеру актісі жасалады және осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес акпарат және (немесе) нұсқама жолданады.

Ескерту. 20-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

21. Автомобиль жолдарын қысқы кезеңде күтіп ұстаяға жол және коммуналдық үйымдардың дайындығын комиссиялық тексеруді уәкілетті органның, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың ТЖД қызметкерлерінің қатысуымен

автомобиль жолдарының иелері, жергілікті атқарушы органдар 15 қыркүйектен бастап 15 қарашаға дейін жүргізеді. Нәтижелері осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес актіде белгіленеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.11.2023 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Қарап тексеру нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы органдарға, коммуналдық және жол шаруашылығы ұйымдарына, сондай-ақ басқа да мұдделі органдарға ақпарат жолданады.

23. Өзендер мен басқа да су бөгеттері арқылы өтетін мұзды өткелдерді қарап тексеру өңірдің климаттық жағдайына байланысты 15 күнде (айына) кемінде бір рет, оның ішінде оларды ашу алдында және жылымықтар уақытында олар арқылы қозғалысты жабу қажеттігін бағалау кезінде жүргізіледі.

24. Өзендер мен басқа да су бөгеттері арқылы өтетін мұзды өткелдерді тексеру кезінде негізгі назар:

- 1) мұзды өткелді ашу үшін жергілікті атқарушы органдар рұқсатының болуына;
- 2) тиісті қызметтердің мұзды өткелдегі мұздың қалындығына және мұзды жамылғының жүк көтерімділігіне бақылау жүргізуіне;
- 3) қозғалыс тәртібін, жүк көтерімділігін және жылдамдығын анықтайтын жол белгілерінің болуына және орналастырылуына;
- 4) қарсы қозғалыс жолына дейінгі ара қашықтыққа;
- 5) мұз беттеріндегі қарлы жамылғының қалындығына;
- 6) бойлау осінен шұңқырларға, мұз ойылымдарына, мұз дайындау алаңдарына, жерасты сулардың шығуына, электр станцияларының қолданылған жылды суды жинау орнына, сеніді мұз шоғырларына дейінгі ара қашықтыққа;
- 7) мұзды жамылғының жағамен қосылған жеріне;
- 8) ағаш төсемнің жай-күйіне және оны мұз жамылғысын күшетуге пайдалануға және төсемнің жағамен қосылған жеріне;
- 9) жүріс бөлігінің шегінде және одан жақын маңда мұз жарықтарының болуына;
- 10) өтпе шекараларының белгіленуіне;
- 11) өтпеге кіретін жерде шлагбаумдардың болуына;
- 12) өтпе салуға арналған құм қорларының және басқа да материалдардың болуына;
- 13) күтқару құралдарының болуына аударылады.

25. Жол жүрісі қауіпсіздігіне қауіп төндіретін анықталған кемшіліктер бойынша нұсқама беріледі және жергілікті атқарушы органдарға, сондай-ақ басқа да мұдделі органдарға хабарланады.

26. Қорытынды тексерулер жүргізу кезінде:

1) кешенді, тоқсан сайын тексерулер мен жол және коммуналдық үйымдардың автомобиль жолдарын қысқы күтіп ұстауға дайындығын, мұз өтпелердің жағдайын тексерумен көзделген іс-шаралардың орындалуы;

2) бұрын берілген нұсқамалардың орындалуы;

3) автомобиль жолдарының, жол құрылыштары мен теміржол өтпелерінің ағымдағы пайдаланылу жағдайы;

4) оларды салу, реконструкциялау, оңалту және жөндеу кезінде регламенттер, нормативтер мен стандарттар талаптарының сақталуы тексеріледі.

27. Қорытынды тексеру жүргізу мерзімділігі бұрын берілген нұсқамалардың белгіленген мерзімдеріне байланысты. Барлық белгіленген мерзімде орындалмаған нұсқамалар бойынша ай сайын прокуратура органдарына ақпарат жолданады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.06.2018 № 459 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Қорытынды тексерулердің нәтижелері бойынша жолдарды, жол құрылыштарын, теміржол өтпелерін, жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын және өзге де объектілерді салу, реконструкциялау, жөндеу, оңалту және күтіп ұстау қағидаларын бұзған лауазымды және заңды тұлғаларға ӘҚБТК-нің 462, 614, 630, 631 және 632-баптарына сәйкес шаралар қабылданады.

29. Жол қызметі және жол жүрісін үйымдастыру саласындағы регламенттердің, нормативтер мен стандарттардың сақталуын күнделікті қадағалау жолдарды, жол құрылыштарын, жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын және өзге де объектілерді күтіп ұстау процесінде, сондай-ақ жолдарда жөндеу-құрылыш жұмыстары мен басқа да жұмыстар жүргізу кезінде туындаған, көлік құралдарының қозғалысы үшін кедергі келтіретін және оның қауіпсіздігіне қауіп төндіретін кемшіліктерді жоюға жедел шаралар қабылдау мақсатында жүзеге асырылады және оны жол жүрісін қадағалауды жүзеге асыратын ішкі істер органдарының қызметкерлері жүргізеді.

30. Жолдардың, теміржол өтпелерінің және басқа да құрылыштардың немесе жол жүрісін реттейтін техникалық құралдардың бұзылу және/немесе олардың жай-күйі, сондай-ақ көлік құралдарының қозғалысы үшін қасақана кедергілер жасау фактілері анықталған жағдайда, кінәлі адамдарға ӘҚБТК-нің 614, 630, 631, 632-баптарына сәйкес және анықталған кемшіліктерді жою бойынша шаралар қабылданады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Жол жүрісін қадағалауды жүзеге асыратын қызметкер жолдар мен инженерлік құрылыштардың жай-күйінде көлік құралдарының қозғалысына немесе оның

қауіпсіздігіне кедергі келтіретін кемшіліктерді анықтаған жағдайда, ол туралы ішкі істер органдарының кезекші бөліміне баяндайды және оның нұсқауы бойынша әрекет етеді.

32. Кезекші бөлімнің кезекшісі хабарламаларды осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес көшелер мен жолдардың жай-күйіндегі кемшіліктерді, жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарының бұзылуын есепке алу журналына тіркейді және ол туралы ішкі істер органы бөлімшесінің басшысына, уәкілетті орган бөлімінің (бөлімшесінің, тобының) бастығына хабарлайды. Қозғалысты шектеу немесе тыйым салу қажеттілігі туралы оның шешімін жол жүрісін қадағалауды жүзеге асыратын қызметкерлердің, сондай-ақ жол, коммуналдық және басқа да мұдделі ұйымдардың лауазымды адамдарының назарына жеткізеді.

33. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы кемшіліктерді анықтау үшін автомобиль жолдарын күтіп ұстау кезінде техникалық және арнайы құралдар пайдаланылуы мүмкін.

34. Өлшеу аспаптарына жататын техникалық құралдардың оларды өлшеу құралдары ретінде бекіту туралы сертификаттары және тексеру туралы қолданыстағы күәлігі болуы тиіс.

35. Фото - және бейнежазба функциялары бар техникалық құралдарды қызметкерлер олардың көмегімен алынған материалдар анықталған әкімшілік құқық бұзушылықтар себептерінің және оларды жасауға ықпал еткен жағдайлардың, әкімшілік жауапкершілікке тартылатын адам кінәсінің дәлелдемелері болып табыла алатын не жол жүрісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді дұрыс шешу үшін маңызы болатын барлық жағдайларда қолданады.

36. Фото - және бейнежазбаны жүзеге асыру тәсілі, параметрлері мен жағдайлары жолдың тиісті участкесін, сондай-ақ бақылау өлшеу үшін қолданылатын арнайы техникалық құралдың көрсеткішін сәйкестендіруге мүмкіндік беруге және түсірілген күні мен уақытын көрсетуге тиіс.

37. Фототүсірілім мен бейнежазба материалдары қызметкердің мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезіндегі өз іс-әрекеттері туралы түсіндірмелерді және лауазымды адамның немесе занды тұлға өкілінің түсіндірмесін қамтуы тиіс.

38. Жол жүрісін ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу жол-көлік оқиғалары (бұдан әрі – ЖКО) туралы деректерді, автомобиль жолдарын пайдаланудың жай-күйін тексеру нәтижелерін, жол жүрісі жағдайлары мен жай-күйін зерделеу, жол-пайдалану, көліктік ұйымдардың, жол жүрісін бақылауды жүзеге асыратын полиция қызметкерлерінің және азаматтардың ұсыныстарын талдау негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 25.09.2025 № 709 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі) бұйрығымен.

39. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Автомобиль жолдарының авариялық-қауіпті участеклерінде қозғалыс қауіпсіздігін арттыру жөніндегі шаралардың тиімділігін бақылау олар толық іске асырылғаннан кейін үш жыл ішінде жүзеге асырылады.

42. Жол жағдайларымен байланысы бар ЖКО-ның болмауы тиімділіктің басты өлшемшарты болып табылады.

43. Жол жүрісі жағдайларын және жай-күйін зерделеген кезде:

1) көлік ағымының қарқындылығы есептеледі және олардың құрамы нақтыланады;

2) жаяу жүргінші қозғалысының қарқындылығы есептеледі, оның тартылыс аймағы нақтыланады;

3) көліктік кешігулердің ұзақтығы есептеледі;

4) ЖКО-ның туындау, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігіне қауіп төндіретін құқық бұзушылықтар мен құқыққа қарсы іс-әрекеттердің себептері мен жағдайлары анықталады және талдау жасалады, оларды жою бойынша шаралар қабылданады, жол жүрісі қауіпсіздігін арттыру жөніндегі іс-шаралар әзірленеді және автомобиль жолдарының иелеріне ақпарат жолданады;

5) соңғы 3 жылдағы ЖКО-ның саны нақтыланады;

6) геометриялық параметрлері (жүріс бөлігінің ені, қозғалыс жолақтарының саны, жоспардағы қисық радиустар, бойлау еңістерінің мөлшері және т.б.) нақтыланады;

7) жол жүрісін реттейтін техникалық құралдардың бар-жоғы нақтыланады;

8) жол участекінде қозғалысты ұйымдастыру сызбасы жасалады.

44. Жол жүрісін ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында автомобиль жолдарының иелеріне:

1) жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын орнату және қалпына келтіру, сондай-ақ бағдаршам объектілерінің жұмыс режимін өзгерту жөніндегі жұмыстарды орындауға нұсқамалар;

2) жол белгілерінің қолданыстағы орналасуына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар;

3) қосымша жол қоршауларын орнату және жол таңбасы сыйбаларын түзету туралы ұсыныстар беріледі.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Жол жүрісін реттейтін техникалық құралдарын орнату және қалпына келтіру, сондай-ақ бағдаршам объектілерінің жұмыс режимдерін өзгерту жөніндегі жұмыстарды орындауға арналған нұсқама екі данада жасалады. Бірі жол белгілерін орнатуды және бағдаршам объектілерін пайдалануды жүзеге асыратын ұйымға жолданады, екіншісі – номенклатуралық істе сақталады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Жол жүрісін ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі жұмыстарды орындауға берілген барлық нұсқамалар осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын орнату (алу) жөніндегі жұмыстарға арналған нұсқамаларды және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша анықталған кемшіліктерді есепке алу журналында ескеріледі.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Жедел іс-шараларды енгізумен ғана іске асырылмайтын, жол жүрісін ұйымдастыруды перспективалық дамыту жөніндегі ұсыныстар осы мәселелерді шешуге құзыретті жергілікті атқарушы органдарға белгіленген тәртіппен жіберіледі.

48. Қозғалысты ұйымдастыруды жетілдірудің негізгі бағыттары ретінде:

1) қозғалысты кеңістікте бөлу (қозғалысты құбырлау, әр деңгейде қылышу, бағыттарды бағдарлау, біржақты қозғалысты енгізу);

2) қозғалысты уақытпен бөлу (реверсивпен, бағдаршаммен реттеуді енгізу, қозғалысты, аялдауды және тұраққа қоюды белгіленген сафаттарда және апта күндерінде шектеу);

3) біртектес көлік ағымдарын құру (құрамы, бағыты және қозғалыс мақсаты бойынша);

4) қозғалыстың жылдамдық режимін онтайландыру (жылдамдықты арттыру немесе шектеу, жүріс бөлігінің тар жерлерін жою, жолдың нығыздық деңгейін төмендету);

5) қозғалысты автоматтандырылған басқару жүйелерін енгізу;

6) жаяу жүргінші қозғалысының ыңғайлылығын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету (жаяу жүргінші өтпелерін құру және жабдықтау, жаяу жүргінші және тұрғын аймақтарды ұйымдастыру);

7) көлік құралдары тұрақтарын ұйымдастыру және олар туралы ақпарат қарастырылады.

49. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 863 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 863 (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 863 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 863 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 863 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 863 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Көлік құралдарының конструкциясына және техникалық жай-күйіне талаптарды белгілейтін нормативтік құқықтық актілердің, стандарттардың және басқа да нормативтік-техникалық құжаттаманың сақталуын бақылау жөніндегі негізгі міндеттерді орындауды ішкі істер органдары:

- 1) көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуді (бұдан әрі - тіркеу іс-әрекеттері);
- 2) жол жүрісін қадағалауды;
- 3) көлік құралдарының жаңа үлгілерін қабылдау жөніндегі жұмыс және мемлекеттік комиссиялар;
- 4) көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізуді келісуді жүргізу кезінде жүзеге асырады.

56. Пайдаланудағы көлік құралдарының конструкциясын және техникалық жай-күйін бақылау:

- 1) көлік құралының тиісті құжаттарын тексеру;
- 2) көлік құралдарының конструкциясы мен техникалық жай-күйінің жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, стандарттардың және басқа да нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкестігін тексеру арқылы жүзеге асырылады.

57. Пайдаланудағы көлік құралдарының конструкциясын және техникалық жай-күйін бақылау кезінде тексеруге жататын құжаттардың тізбесі, сондай-ақ бақылау нәтижелерін ресімдеу тәртібі "Көлік құралының сәйкестендіру нөмірі бойынша көлік құралдарының жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу және есепке алу, Механикалық көлік құралдарын жүргізушілерді даярлау, Емтихандар қабылдау және жүргізуі қуәліктерін беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 862 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10056 болып тіркелген) және "Жол жүрісі

қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы" 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрықтарының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33003 болып тіркелген) талаптарына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 57-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.11.2023 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 863 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 863 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 863 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Тіркелген көлік құралында енгізуге жататын және тіркеу құжаттарына енгізілмеген конструкция өзгерістері анықталған жағдайда осындай көлік құралдарын басқаратын адамдарға, сондай-ақ көлік құралдарының техникалық жай-күйіне және пайдаланылуына жауапты лауазымды адамдарға ӘҚБТК-нің 590 және 617-баптарына сәйкес шаралар қабылданады.

62. Көлік құралы, оның нөмірлік агрегаттары және ұсынылатын құжаттар тиісті автоматтандырылған ақпараттық-іздеу жүйелерін пайдалана отырып, арнайы есептер бойынша тексеріледі.

63. Көлік құралдарының техникалық жай-күйі пайдаланудағы көлік құралдарының конструкциясына және техникалық жай-күйіне және олардың қосымша жабдықтау заттарына талаптар белгілейтін нормативтік құқықтық актілердің, стандарттардың және басқа да нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкестігіне тексеріледі.

64. Белгіленген бағыт бойынша жүретін автобустардың конструкциясын және техникалық жай-күйін бақылау тек стационарлық бекеттерде, бағыттардың соңғы станцияларында және жолаушылар автотұрақтарында жүргізілуі мүмкін.

65. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі заңнама талаптарын бұзушылықтар анықталған жағдайда заң бұзушылықтарды және оларды жою үшін қажетті шараларды көрсете отырып, орындалуы міндетті нұсқама беріледі.

Нұсқамалар орындалмаған кезде лауазымды және заңды тұлғаларға ӘҚБТК-нің 462-бабына сәйкес шаралар қабылданады.

66. Оларды дайындау (жинау) кезінде көлік құралдарының конструкциясын бақылау көлік құралдарының тәжірибелік үлгілерін сынақтан өткізу және оларды өндіріске қабылдау сатысында жүзеге асырылады. Жеке техникалық шығармашылық нәтижесі болып табылатын көлік құралдарын дайындау сәйкестендіру нөмірі беріле отырып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полиция комитетінің (бұдан әрі - ӘПК) рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

67. Олардың конструкциясына өзгерістер енгізу кезінде көлік құралдарының конструкциясын бақылау, егер ол габариттерін және салмақ параметрлерін, қозғалтқыш моделін, оның салмағы мен қуаттылығын, отын беру жүйелерін, тежегіш жүйесін, санын, орнату орнын, көру бұрыштарын, жарықтандыру және жарық сигнализациясы аспаптарының жарық және түстік сипаттамаларын, жүру бөлігін, рульдік басқаруын, сондай-ақ көруді, шолуды, сылбыр және авариядан кейінгі қауіпсіздікті қамтамасыз ететін конструкцияның құрамдас бөліктерін өзгертумен байланысты болса, алдын ала техникалық сараптама жүргізу нәтижелері бойынша және көлік құралдарының тәжірибелік үлгілерін қабылдап сынау кезінде жүзеге асырылады. Бұл ретте М2 және М3 санаттарындағы көлік құралдарының конструкциясына отыратын орындарды орнатумен (бөлшектеумен), жатын орындарын және жүк бөлігін ұйымдастырумен байланысты және №1, №2, №3 санаттарындағы көлік құралдарына М2 және М3 санаттарына ауыстырумен байланысты өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

М1 санаты үшін отыратын орындарды азайтумен байланысты қайта жабдықтауға жол беріледі.

М1, М2 санаттары үшін оларды №1, №2 санаттарына ауыстырумен байланысты қайта жабдықтауға жол беріледі.

Ескерту. 67-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Алдын ала техникалық сараптама жүргізу қажет болған жағдайда, көлік қуралдарының конструкциясын бақылауды әкімшілік полиция жүзеге асырады.

Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

69. Алдын ала техникалық сараптама жүргізу қажет болған жағдайда, онда жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты мынадай мәліметтердің болуы бақыланады:

- 1) бұйымды қолдану саласының қысқаша сипаттамасы;
- 2) көлік құралы сол үшін арналып жасалған жол жағдайлары мен пайдалану режимдері;
- 3) көлік құралының тарту күші-жылдамдығы сипаттамалары;
- 4) қозғалтқыш параметрлері;

5) салмақ параметрлері (жаракталған жағдайдағы массасы, толық массасы, жүк көтеруі, жолаушы орындықтарының саны, біліктер бойынша толық массаны бөлу, тіркеуге алынатын тіркеменің, жартылай тіркеменің толық массасы), габаритті өлшемдер (ені, биіктігі, ұзындығы);

6) жолдың жарық сәулесі, бұрылыш радиусы;

7) дөңгелектер, біліктер саны, негізгі білік жетегі, шиналардың өлшемі мен сипаттамасы;

8) біліктер бойынша тежегіш жүйесінің конструкциясы, жетек типі;

9) рульдік басқару, жетек күшеткішінің конструкциясы;

10) сыртқы жарық аспаптарының конструкциясы, саны;

11) пайдаланылатын сұлбыр қауіпсіздік құралдары.

70. Егер алдын ала техникалық сараптамада жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, стандарттардың және басқа да нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптары ескерілмесе немесе ол көлік құралының конструкциясы туралы толық мағлұмат бермесе, онда орын алған кемшіліктерді санамалап, көлік құралының конструкциясына енгізілген өзгерістерді келісуден бас тартылады.

71. Көлік құралдарының тәжірибелік үлгілерін сынау және өндіріске қабылдау сатысында бакылау қабылдау сынақтары жөніндегі комиссияларға қатысу арқылы жүзеге асырылады.

72. Көлік құралдарының тәжірибелік үлгілерін қабылдау сынақтары жөніндегі комиссияның құрамына ӘПК-нің уәкілетті қызметкері немесе ӘПК-нің жазбаша тапсырмасы бойынша, аумағында сынақтар өткізу болжанып отырған, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың ПД Әкімшілік полиция басқармасының (бұдан әрі – ӘПБ) өкілі қатысады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.11.2023 № 859 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

73. Көлік құралдарының тәжірибелік үлгілерін қабылдау сынақтары дайындаушы әзірлеген және белгіленген тәртіппен ӘПК-мен келісілген Көлік құралдарының тәжірибелік үлгілерін сынау бағдарламасы-әдістемесіне сәйкес өткізіледі.

74. Қабылдау сынақтары барысында көлік құралдары тәжірибелік үлгілерінің конструкциясы мен техникалық жай-күйі тиісті жобалау-техникалық құжаттаманың, сондай-ақ жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, стандарттардың және басқа да нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкестігіне тексеріледі.

75. Көлік құралдарының тәжірибелік үлгілерін сынау нәтижелері бойынша қабылдау комиссиясы хаттама мен көлік құралдарының тәжірибелік үлгілерін қабылдау актісін толтырады.

76. Егер үлгілер сынақтан өтпесе, хаттамада конструкцияны пысықтау туралы ұсыныстар жазылады және көлік құралдарының тәжірибелік үлгілерін қабылдау актісіне әкімшілік полицияның уәкілетті қызметкери қол қоймайды. Конструкцияның қайта жасалған құрамдас бөліктері сынақтан қайта өткізіледі.

77. Жобалау-техникалық құжаттама әзірлемей, бірақ көлік құралының моделі-дайындаған зауыттың аналогына қатаң сәйкестікте және әкімшілік полицияның келісімі бойынша көлік құралдарының конструкциясына мынадай өзгерістер енгізуі жүзеге асыруға рұқсат беріледі:

1) көлік құралының шассиіне көлік құралының осы типі құрамында сәйкестікті бағалаудан өткен, жүкті өзі түсіретін стандартты және борт шанақтарын, цистерналар, фургон-шанақтар (оның ішінде контейнерлер), тент орнатумен байланысты шанақ типін өзгерту, сондай-ақ көрсетілген шанақ типтерін бірінің орнына бірін ауыстырып орнату;

2) жүк автомобильдеріне оларға қатысты көлік құралының типі құрамында сәйкестікті бағалау өткізілген қосымша отын бактарын орнату;

3) дайындаған зауыттың моделі-анalogына сәйкес жүк автомобильдеріне конструкциясы, саны мен материалы бойынша дайындаған зауыт моделі-анalogының бекіту материалдарына ұқсас бекіту элементтерін қолданып, көлік құралының осы маркасы құрамында сертификатталған, жүк көтеретін борттар, жүкшіліктер және жүктөрді өздігінен тиесінше үшін гидравликалық көтергіштер орнату;

4) дайындаған зауыттың моделі-анalogына сәйкес автомобильдер мен тіркемелерге, оның ішінде жеңіл автомобиль салонында стандартты бекіту бөлшектерін қолданып, көлік құралының осы маркасы құрамында сертификатталған арнайы алынбайтын жабдық орнату;

5) стандартты бекіту бөлшектерін және қатты шуды болдырмайтын құрылғыларды қолданып, жүк борт автомобильдеріне және екі білікті борт тіркемелерге борттардың орнына кониктер орнату;

6) дайындаған зауыттың моделі-анalogына сәйкес жүк автомобильдерінің шассиіне пошта, өндірістік және азық-түлік тауарларын тасымалдауға арналған (жолаушыларды тасымалдауға арналған шанақ-фургондарды қоспағанда), конструкциясы, саны мен материалы бойынша дайындаған зауыт моделі-анalogының бекіту материалдарына ұқсас бекіту элементтерін қолданып, көлік құралының осы маркасы құрамында сертификатталған шеберханалық шанақ-фургондарын орнату;

7) қозғалтқышқа газ тәрізді отынмен (компримирленген табиғи газбен – КТГ, сұйылтылған мұнай газымен – СМГ) қуат беру жабдығын орнату және осындай жабдықты демонтаждау.

78. Осы Нұсқаулықтың 77-тармағында көрсетілген, көлік құралдарының конструкциясына өзгерістер енгізуге өтініштерді ӘПБ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тіркелген орнына қарамастан қарайды. Бұл ретте, аудандардың (

қалалардың) әкімшілік полиция бөліністерінің қызметкерлері газды баллон жабдығын, құрал-сайман жәшіктерін орнату және жүк автомобильдерінің шанақтарын ауыстыру бойынша көлік құралдарының конструкциясына өзгерістер енгізуге арналған өтініштерді тұрақты тіркелген жері бойынша облыс ауданының (қаласы) аумағы шегінде қарайды.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Өтініштер қарауға көлік құралының конструкциясына енгізілетін өзгерістердің толық сипаттамасымен қабылданады.

80. Көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізуге өтініштерді қарау нәтижелері бойынша әкімшілік полиция қабылданған шешімді көрсетіп, өтініш берушіге жазбаша жауап береді. Жеке күзет ұйымдары жедел ден қою топтарының көлік құралдарын арнайы түстік-графикалық сызбалар бойынша арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықтау жөніндегі мәселені қарау кезінде өтініш беруші күзет қызметімен айналысатын субъектілерді мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын үәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады.

81. Оң шешімде оларға сәйкес көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізуді жүргізу қажет нормативтік құқықтық актілер мен стандарттардың техникалық талаптары көрсетіледі, тиісті жұмыстарды орындауға болатын өндірістік-техникалық базаны таңдау бойынша ұсынымдар беріледі, сондай-ақ көлік құралының оның конструкциясына енгізілген өзгерістермен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәлік (018/2011 КО ТР 18-қосымша) беру үшін үәкілетті әкімшілік полиция бөлінісінің атавы көрсетіледі.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

82. Пайдаланудағы көлік құралының конструкциясы мен техникалық жай-күйі, өзгерістер енгізілгеннен кейін, ішкі істер органдарына құжаттар келіп түскен сәттен бастап жұмыс күндері қырық сегіз сағат ішінде, осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес көлік құралының оның конструкциясына енгізілген өзгерістермен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәліктер (КО ТР 018/2011 18-қосымшасы) беру журналына мәліметтерді енгізіп, иесіне көлік құралының конструкциясына енгізілген өзгерістермен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәлік беріледі, сондай-ақ "www.egov.kz" "электрондық ұқімет" веб-порталы арқылы көлік құралының оның конструкциясына енгізілген өзгерістермен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәлік беруге рұқсат беріледі. Бұл ретте, көлік құралының оның конструкциясына енгізілген өзгерістермен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәлік беру кезінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы аумақтық бөліністің басшысы деп

басқарма және (немесе) бөлім, бөліше бастығын және оның орынбасарын, сондай-ақ жол және техникалық инспекция бөлімінің (бөлімшенің) бастығын және оның орынбасарын немесе оларды алмастыратын лауазымды адамдарды түсіну керек.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған қуннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Көлік құралының конструкциясына енгізілген өзгерістермен қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі туралы куәлікті ресімдеу үшін өтініш беруші әкімшілік полицияға мынадай құжаттарды:

көлік құралын иелену немесе пайдалану және (немесе) иелік ету құқығын растайтын құжатты;

көлік құралын сәйкестендіретін құжатты (көлік құралының паспортын), сондай-ақ көлік құралын мемлекеттік тіркеуді растайтын құжатты (көлік құралын тіркеу туралы куәлікті);

көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізу мүмкіндігі туралы жол жүрісі қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік басқару органы аумақтық бөлімшесінің шешімін;

КО ТР 018/2011 8-қосымшасында көзделмеген жағдайларда, көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізу мүмкіндігі мен тәртібі туралы қорытынды (алдын ала техникалық сараптама немесе базалық көлік құралын дайындаушы немесе көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыстарды жүргізуі әзірлеген, базалық көлік құралын дайындаушы белгіленген тәртіппен бекіткен және жол жүрісі қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік басқару органымен келісілген, көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізуге арналған техникалық шарттар);

көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізу кезінде (болған жағдайда) пайдаланылған компоненттерге сәйкестік сертификаттарының (сәйкестік туралы декларация) белгіленген тәртіппен расталған көшірмелерін;

көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізу бойынша жұмыстардың көлемі мен сапасы туралы өтініш-декларацияны;

көлік құралының конструкциясына өзгерістер енгізілгеннен кейін оның конструкциясының қауіпсіздігін тексеру хаттамасын;

жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы техникалық регламенттердің, стандарттардың талаптарымен, конструкциясына енгізілген өзгерістермен көлік құралының техникалық жай-күйін тексеру нәтижелері бойынша ресімделген диагностикалық картаны ұсынады.

Ескерту. 83-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.06.2018 № 459 (алғаш ресми жарияланған қуннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83-1. Автокөлік құралдарын қайта жабдықтау жөніндегі номенклатуралық істе, "www.egov.kz" "электрондық үкімет" веб-порталы және (немесе) өзге де ақпараттық

жүйелер арқылы қызметтер көрсету кезіндегі жағдайларды қоспағанда, Нұсқаулықтың 83-тармағында көрсетілген барлық құжаттама немесе олардың көшірмелері сақталады. Автокөлік құралдарын қайта жабдықтау жөніндегі номенклатуралық істерді сақтау мерзімдері "Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, ішкі істер органдарының, Ұлттық ұланының, қылмыстық-атқару жүйесі, төтенше жағдайлар органдарының, Қазақстан Республикасы Ишкі істер министрлігі жүйесінің мекемелері мен ұйымдарының қызметінде жасалатын құжаттардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы ПМ-нің 2016 жылғы 12 қазандағы № 977 бұйрығының 829-тармағымен бекітілген.

Ескерту. Нұсқаулық 83-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ишкі істер министрінің 20.06.2018 № 459 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ишкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

84. Жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы регламенттерді, нормативтер мен стандарттарды сақтауды мемлекеттік бақылаудың және қадағалаудың жүзеге асырылуын бақылауды төмен тұрғандарға қатысты жоғары тұрған органдар жылына кемінде бір рет уәкілдегі органның аумақтық бөлімшелерін тексеру арқылы жүргізеді, олардың барысында:

1) жол қызметі және жол жүрісін ұйымдастыруды жетілдіру саласындағы регламенттердің, нормативтер мен стандарттардың сақталуын мемлекеттік бақылау және қадағалау кезінде заңнаманың сақталуына;

2) жол қызметі және жол жүрісін ұйымдастыруды жетілдіру саласындағы регламенттердің, нормативтер мен стандарттардың сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру кезінде осы Нұсқаулық талаптарының орындалуына;

3) есептерде ұсынылатын қызмет нәтижелері туралы мәліметтердің шынайылығына ерекше назар аударылады.

85. Автомобиль көлігімен үнемі облысішлік автомобиль тасымалдары қызметін көрсету құқығына конкурстық комиссия өткізу кезінде жол және техникалық инспекция бөлімінің қызметкері конкурсқа ұсынылатын көлік құралдарын тексерген кезде техникалық регламенттердің, стандарттардың талаптарына сәйкестігін анықтайды.

86. Жол және техникалық инспекция қызметкерлерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген міндеттерді орындауға тартуға жол берілмейді.

87. Қадағалау және өзге де органдардың тарапынан тексеру жүргізу фактісі бойынша аумақтық органдар үш күндік мерзімде ПМ ӘПК-ге хабарлайды.

Ескерту. 87-тармақпен толықтырылды – ҚР Ишкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

нормативтер мен стандарттарды сақтау
саласында әкімшілік полиция
бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша

нысан

Автомобиль жолын тексеру актісі

20 __ жылғы " __ " _____ қаласы (ауданы)

Лауазымды адам _____

(лауазымы, атағы, тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)

_____ үйимы өкілінің қатысуымен
километр (бұдан әрі – км) __ + __ - __ км __ + __ (20 __
жылғы " __ " _____ № ____ келісімшарт)

(автомобиль жолының атауы)

автомобиль жолына және ондағы (олардағы) жасанды жол құрылыштарына тексеру
жүргізді және мынаны анықтады:

Тапсырыс беруші: _____

(автомобиль жолын басқару органы, мекенжайы, байланыс телефоны)

Мердігер (пайдаланушы үйим, занды тұлға) _____

(атауы, мекенжайы, байланыс телефоны)

Қызмет көрсету аумағы

(автомобиль жолының участкесі)

Анықталды:

p/c №	Мекенжайы, км		Кемшіліктер	Жою үшін жауапты (үйим, лауазымы, т.а.ә.)
	Оң жақтан	Сол жақтан		

1. Жер қабатының, жол бетінің және журіс бөлігі, жиектері, тротуарлар, жаяу
жүргінші және велосипед жолдары жабынының жай-куйі

1.				
----	--	--	--	--

2. Жоспардағы және ұзына бойы қисық қылыштар мен түйісулдерде көрінуді
қамтамасыз ету

2.				
----	--	--	--	--

3. Бағыттағы көлік құралдары аялдамаларының жай-күйі және жабдықталуы

3.					
----	--	--	--	--	--

4. Жасанды жол құрылыштарының (көпірлердің, жол өтпесінің, эстакадалардың, тоннельдердің, виадуктардың, су өткізетін құбырлардың) жол қоршауларының және олардағы жарықтандырудың жай-күйі

4.					
----	--	--	--	--	--

5. Жаяу жүргіншілер өткелінің белгіленуі және жабдықталуы

5.					
----	--	--	--	--	--

6. Жүріс бөлігінде жұмыстар жүргізу орындарын қоршау, айналып өту жолдарын ұйымдастыру және олардың жай-күйі

6.					
----	--	--	--	--	--

7. Қоғамдық көлік құралы аялдамаларындағы жасанды жарықтандыру

7.					
----	--	--	--	--	--

8. Автомобиль жолдарын жайластыру элементтері (жол белгілерінің, таңбаларының және т.б. жай-күйі)

8.					
----	--	--	--	--	--

9. Бағдаршам объектілерінің жұмыс режимдерінің сәйкестігі

9.					
----	--	--	--	--	--

10. Тұрақтар мен демалу алаңдарының жай-күйі

10.					
-----	--	--	--	--	--

11. Қарап тексеру құдықтары мен жаңбыр сұзы құйылатын торлар люктерінің жай-күйі

11.					
-----	--	--	--	--	--

12. Көше-жол желісін сыртқы жарықтандыру жай-күйі

12.					
-----	--	--	--	--	--

13. Мәдени, сауда және спорт орталықтарының, елді мекендердегі әкімшілік ғимараттардың жанындағы жабдықталған тұрақтардың жай-күйі

13.					
-----	--	--	--	--	--

14. Жалпы пайдаланымдағы көлік бағыттарын жабдықтау мен жайластырудың жай-күйі

14.					
-----	--	--	--	--	--

15. Трамвай жолдарымен қызылсысатын жерлердегі жүріс бөлігінің жай-күйі

15.					
-----	--	--	--	--	--

Лауазымды адам _____ / _____ /

(лауазымы, қолы) (Т.А.Ә.(ол болған жағдайда))

Ұйым өкілі _____ / _____ /

(лауазымы, қолы) (Т.А.Ә.(ол болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2016 жылғы 22 шілдедегі

№ 757 бұйрығына

1-1-қосымша

Мақсатты тексеру актісі

Ескерту. 1-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20__ жылғы "___" _____ қаласы (ауданы)

Лауазымды адам _____

(лауазымы, атағы, тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда))

_____ ұйымы өкілінің қатысуымен
километр (бұдан әрі – км) ___ + ___ - ___ км ___ + ___ (20__ жылғы "___" _____

№ ____ келісімшарт)

(автомобиль жолының атауы)

автомобиль жолына және ондағы (олардағы) жасанды жол құрылыстарына
тексеру жүргізді және мынаны анықтады:

Тапсырыс беруші: _____

(автомобиль жолын басқару органы, мекенжайы, байланыс телефоны)

Мердігер (пайдаланушы ұйым, занды тұлға) _____

(атауы, мекенжайы, байланыс телефоны)

Қызмет көрсету аумағы

(автомобиль жолының участкесі)

Анықталды:

p/c №	Мекенжайы, км		Кемшіліктер	Жою үшін жауапты (ұйым, лауазымы, т.а.ә.)
	Оң жақтан	Сол жақтан		
1.				
2.				

Лауазымды адам _____ / _____ /

(лауазымы, қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

Жол қауіпсіздігін және
регламенттерді, нормативтер
мен стандарттарды сақтау
саласында экімшілік полиция
бөлімшелерінің қызметін
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
2-қосымша

_____ облысы (қаласы) бойынша жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету
жөніндегі уәкілетті органның НҰСҚАМАСЫ

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.11.2023 № 859
(алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа
енгізіледі) бұйрығымен.

басшысы

(занды тұлғаның атауы)

(занды тұлға басшысының Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)

(занды тұлғаның мекенжайы)

"Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 23-бабына сәйкес:

1. Автомобиль жолдарын (теміржол өтпелерін) тексеру актісінде көрсетілгендерді
жоюға шаралар қабылдау.

2. Осы нұсқаманы қарau нәтижелері және қабылданған шаралар туралы _____
_____ облысы (қаласы) бойынша жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі
уәкілетті органға 20 жылғы "—" дейін хабарлау қажет.

3. Осы нұсқаманы орындау немесе тиісінше орындау Қазақстан
Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

_____ облысы (қаласы) бойынша жол жүрісі қауіпсіздігін
қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органның лауазымды адамы _____

(қолы, Т.А.Ә.(ол болған жағдайда))

Осы нұсқамамен таныстым және нұсқаманың бір данасын алдым

20 жылғы " " _____

Занды тұлғаның басшысы не оның өкілі _____

(қолы, Т.А.Ә.(ол болған жағдайда))

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2016 жылғы 22 шілдедегі

№ 757 бұйрығына

3-қосымша

нысан

АКТ

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 07.10.2019 № 863 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20 жылғы " " _____ қаласы (ауданы)

темір жол өтпесін кешенді тексеруде анықталды:

Өтпенің тұрган жері

(автомобиль және темір жолдардың атауы)

Иесі: _____

(олардың атауы, мекенжайы, телефоны)

Өтпе санаты және түрі

Пойыздардың саны/тәулігіне

Автомобилдердің саны/тәулігіне

№ р/с	Темір жол өтпесінің орналасқан жері	Анықталған кемшіліктер	Жою үшін жауапты (ұйым, лауазымы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))	Ескертпе
-------	--	---------------------------	--	----------

Лауазымды адам _____ / _____ / _____

(лауазымы, қолы, Т.А.Ә. (болған жағдайда))

Жол қауіпсіздігін және регламенттерді,

нормативтер мен стандарттарды сақтау
саласында әкімшілік полиция

бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру

жөніндегі нұсқаулыққа

4-қосымша

нысан

Акт

20_ жылғы "___" қаласы (ауданы)

Жол және коммуналдық органдардың автомобиль жолдарын қысқы күтіп ұстaugа дайындығын тексеруде анықталды:

Тапсырыс беруші: _____

(коммуналдық немесе жол шаруашылығы үйымы, мекенжайы, телефоны)

Мердігер (пайдаланушы үйым) _____

(атауы, мекенжайы, телефоны)

Қызмет көрсету аумағы _____

(автомобиль жолының, көшениң участкесі)

p/c №	Тексерілетін параметрлер	Болуы
1.	Қысқы күтіп ұстaugа дайындық және үйымдастыру жоспары: Откен жылдардағы жұмыс нәтижелерін қорытындылау материалдары Қысқы күтіп ұстaugа дайындық бойынша жұмыс кестесі: Жолды қар басып қалудан қорғау сызбасы Жол участкелерін тазарту, қысқы тайғанақты жою кезектілігі мен мерзімдері. Отрядтар құрамы және машиналардың жұмыс тәртібі Көктайғаққа қарсы материалдарды орналастыру сызбасы. Кезекшілік үйымдастыру және ауа райы жағдайы мен қозғалыс жағдайы туралы хабарландыру жүйесі тәртібі Жоспарға түсіндірме жазба: Жолдарды қысқы күтіп ұстau сипаттамасы	
1.1.	Жолдардың қар басатын участкелеріне түсетін қардың көлемі туралы деректер	
1.2.	Қардан қорғайтын ағаш егістерінің ұзындығы	
1.2.1.	Қар ұстайтын кондыргылардың қажетті санының есебі	
1.2.2.	Қар тазалайтын, тұз шашатын, құм лактыратын машиналар мен көктайғаққа қарсы материалдар санының есебімен қысқы тайғанақты жою мерзімдерінің негіздемесі	
1.2.3.		
1.3.		
2.	Қар тазалайтын, тұз шашатын, құм лактыратын машиналар мен көктайғаққа қарсы материалдар санының есебімен қысқы тайғанақты жою мерзімдерінің негіздемесі	
2.1.		
2.2.		
2.3.		
2.4.		
2.5.		
2.6.	Қар тазалайтын, тұз шашатын, құм лактыратын машиналар мен	
2.7.		

2.8.	көктайғаққа қарсы материалдардың болуы	Бекітілген күні: Кім бекітті:
3.	Көктайғаққа қарсы материалдарды дайындау тәсілдері	
4.	Көктайғаққа қарсы материалдарды сактау және тиесін күралдары	
5.	Машиналардың даярлық актісі (өндірістік бөлімшесі өкілі мен жоғары тұрған жол органдары (тапсырыс беруші) қол қояды	
6.	Күм базаларының орналасуы	
7.	10 күндік отын қоры бар жанар-жағар май қую пункттері	
8.	Су және май қыздырғыштар	
9.	Машиналар мен механизмдерге қосалқы бөлшектер	
10.	Жүргізушилер мен жұмысшылардың демалуына және жылынуына (оның ішінде тамақ дайындау, алғашқы медициналық көмек көрсету және т.с.с.) арналған үй-жайлар	
11.	Тәулік бойы кезекшілік енгізу туралы бұйрық	
12.	Кезекшінің міндеттері туралы нұскаулық	
13.	Пайдалануши бөлімшелер арасындағы байланыс түрі	
14.	Жақын жердегі гидрометеоқызмет пен келісімшарт	
	Озіндік метеобекеттер	
	Қаладан тыс автомобиль жолдарына жол белгілерін орналастыру	

Ұсыныстар: _____

Комиссия құрамы:

Тәраға: _____

(лауазымы, Т.А.Ә.(ол болған жағдайда))

Комиссия мүшелері: _____

(лауазымы, Т.А.Ә.(ол болған жағдайда))

Жол қауіпсіздігін және регламенттерді,

нормативтер мен стандарттарды сактау
саласында әкімшілік полиция
бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру
жөніндегі нұскаулыққа

5-қосымша

нысан

**Көшөлөр мен жолдардың жағдайындағы кемшіліктерді,
жол жүрісін реттеудің техникалық қуралдарының зақымдануларын есепке алу
ЖУРНАЛЫ**

(бөлімше атауы)

Басталды " " 20 ж.

Аяқталды " " 20 ж.

p/c №	Акпараттың келіп түскен күні мен уақыты	Анықталған кемшіліктер, зақымданулар туралы хабарлаған адамның тегі, аты-жөні	Кемшіліктер, зақымданулар анықталған жол, көше, көшө қызылсы	Кемшіліктердің, зақымданулардың жою қажеттігі дың сипаты	Кемшіліктердің, зақымданулардың жою күні; жою туралы хабарлама кімге және қашан берілді	Кемшіліктердің, зақымдануларды жою күні; жою туралы баяндаған лауазымды адамның тегі, аты-жөні
-------	---	---	--	--	---	--

Әкімшілік полиция

бөлімшелерінің жол қауіпсіздігі және регламенттерді, нормативтер мен стандарттарды сақтау саласындағы қызметін үйимдастыру жөніндегі нұсқаулықка 6-қосымша

Жол жүрісін реттеудің техникалық қуралдарын орнату (алу және қалпына келтіру) бойынша жұмыстарға нұсқамаларды және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша анықталған кемшіліктерді есепке алу журналы

Ескеरту. 6-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 310 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ p/c	Жұмыстың түрі	Жұмыстарды жүргізу орны	Жұмыстарды жүргізу негізdemесі	Нұсқама кімге берілді (ұйым, күні)	Нұсқаманы орындау мерзімі	Жұмысты орындау күні
1	2	3	4	5	6	7

Жол қауіпсіздігін және регламенттерді,

нормативтер мен стандарттарды сақтау саласында әкімшілік полиция бөлімшелерінің қызметін үйимдастыру жөніндегі нұсқаулыққа 7-қосымша

КАРТОЧКА

Ескеरту. 7-қосымша алып тасталды – ҚР Ішкі істер министрінің 20.04.2018 № 863 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

Жол қауіпсіздігін және регламенттерді,

нормативтер мен стандарттарды сақтау
саласында әкімшілік полиция
бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
8-косымша

нысан

КӨЛІК ҚҰРАЛЫНЫң ОНЫҢ КОНСТРУКЦИЯСЫНА ЕҢГІЗЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕРМЕН ҚАУПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ ТУРАЛЫ КУӘЛПТЕРДІ БЕРУ ЖУРНАЛЫ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК